

Математика

6 қазақ класы

Пән мұғалімі: Бекова Г.К.





Сабақтың тақырыбы:

“Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулермен берілген проценті бар есептер”





Мақсаты:

**Бір айнымалысы бар сызықтық
теңдеулермен берілген проценти
бар есептерді шешуді үйрену**





Үй тапсырмасын тексеру

№853





$$1. \quad 4x + 5(3 - 2x) = 5 - 11x$$

$$4x + 15 - 10x = 5 - 11x$$

$$4x - 10x + 11x = 5 - 15$$

$$5x = -10$$

$$x = -10/5$$

$$x = -2$$

$$4 \cdot (-2) + 5(3 - 2(-2)) = 5 - 11(-2)$$

$$-17 = -17$$





$$2) \quad 19 - 2(3x + 8) = 2x - 37$$

$$19 - 6x - 16 = 2x - 37$$

$$-6x - 2x = -37 - 19 + 16$$

$$-8x = -40$$

$$x = -40 / (-8)$$

$$x = 5$$

$$19 - 2(3 \cdot 5 + 8) = 2 \cdot 5 - 37$$

$$-27 = -27$$





$$3) \quad 8x + 3(7 - 2x) = 4x + 3$$

$$8x + 21 - 6x = 4x + 3$$

$$8x - 6x - 4x = 3 - 21$$

$$-2x = -18$$

$$x = -18 / (-2)$$

$$x = 9$$

$$8 \cdot 9 + 3(7 - 2 \cdot 9) = 4 \cdot 9 + 3$$

$$39 = 39$$





$$4) \quad 23 - 4(3x + 8) = 1 - 17x$$

$$23 - 12x - 32 = 1 - 17x$$

$$-12x + 17x = 1 - 23 + 32$$

$$5x = 10$$

$$x = 10/5$$

$$x = 2$$




$$23 - 4(3 \cdot 2 + 8) = 1 - 17 \cdot 2$$

$$-33 = -33$$





Өткен тақырыпқа қайталауға арналған сұрақтар.



1. Бір айнымалысы бар сызықтық
теңдеулер дегеніміз қандай
теңдеулер?





ах=в түріндегі теңдеу бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер деп аталады, мұндағы х-айнымалы, а және в –қандай да бір сандар.





**Теңдеулерді $ax=b$ түріндегі
теңдеуге келтіру үшін
теңдеулердің қандай қасиеттері
қолданылады?**





1-қасиет. Теңдеудегі қосылғыштың таңбасын қарама – қарсыға өзгертіп, оны теңдеудің бір жағынан екінші жағына көшіргенде теңдеу мндес теңдеуге түрленеді.





2 – қасиеттің кім айтады екен?





**Теңдеудің екі жағын да нолден
өзге бірдей санға көбейткенде
немесе бөлгенде теңдеу
мәндес теңдеуге түрленеді.**





**$7x+3=5-2x$ теңдеуі бір
айнымалысы бар сызықтық
теңдеуге жата ма? Себебі?**





**Иа, себебі мұнда тек бір ғана
х – айнымалысы бар**





**$5x+6x=1-14y$ теңдеуі бір
айнымалысы бар
сызықтық теңдеуге жата
ма? Себебі?**





**Жоқ, себебі мұнда x және y
– екі айнымалысы бар.**





Кеспемен жұмыс. (Ауызша)

№1

Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$14x=42$$

№2

Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$25/x=5$$

№3

Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$x-36=2$$

№4

Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$0,5+x=2,5$$

№5

Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$2-x=1$$





Жауаптары

№1

$x=3$





№2

X=5





№3

x=38





№ 4

$$x=2$$





№5

$x=1$





Жұмбақтың жауабын табайық. Ой сергіту

Атадан он баламыз
Бір-бір жастан арамыз.
Қосылып кейде басымыз
Азайып кейде қаламыз.
Бөлініп кейде арамыз
Көбейіп те аламыз.





Жауабы:

цифрлар





Кітаппен жұмыс.

№862





$$x+y=348$$

$$y=0,8x+6$$

$$x+0,8x+6=348$$

$$x+0,8x=348-6$$

$$1,8x=342$$

$$x=342/1,8$$

$$x=190$$

$$y=0,8*190+6=158$$

$$\underline{190}+158=348$$

Жауабы: бірінші сан – 190





№863





АС кесіндісі= x

АС кесіндісінің 40% - $0,4x$

$0,4x * 3 = 33 - x$

$1,2x = 33 - x$

$1,2x + x = 33$

$2,2x = 33$

$x = 33 / 2,2$


$x = 15$

Жауабы: АС кесіндісінің ұзындығы
15 см тең.





№864





Әкелінген 1,5 кг орам саны-х

1,8 кг орам саны – 11-х

$$1,5x = 1,8(11-x)$$

$$1,5x = 19,8 - 1,8x$$

$$1,5x + 1,8x = 19,8$$

$$3,3x = 19,8$$

$$x = 19,8 / 3,3$$

$$x = 6$$

жауабы: 6 орам





№865





1-ші алқап ауданы-х

2-ші алқап ауданы – 100-х

1-ші алқап өнімі – 12х

2-ші алқап өнімі – 10х

18,8т=188ц

12х=10(100-х)+188

12х=1000-10х+188

12х+10х=1000+188

22х=1188

х=1188/22

х=54

жауабы: 1-ші алқап ауданы – 54 га. С





Математикалық диктант.

$ax=b$ түріндегі теңдеу бір айнымалысы бар
... теңдеулер деп аталады.

Теңдеудің екі жағын да нолден өзге бірдей санға ... немесе ... теңдеу мәндес теңдеуге түрленеді.

$7x+3=5-2x$ теңдеуі ... бар сызықтық теңдеу болып табылады.







СЫЗЫҚТЫҚ

Көбейткенде, бөлгенде

Бір айнымалысы





Үйге тапсырма

№867, ереже





Сау, болыңыздар!

